

Ключевые слова: аграрный сектор, регион, сельскохозяйственные предприятия, молочная и мясная отрасли, производство, переработка, органическое земледелие, индустриализация, рынок.

Key words: agricultural sector, region, agricultural enterprises, dairy and meat industry, production, processing, organic farming, industrialization, market.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік жоспардың орындалуына жауапты мүдделі ұйымдар: жоспарды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдайды;

Аграрлық қайта құруларды жүргізу, стратегия мен тактиканы негіздеуден кейін оларды тиімді жүзеге асырудың қағидаттары мен механизмдерін жасауға мүмкіндік беретін аграрлық қатынастардың теориялық негіздерін терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Аграрлық мәселелер қазіргі экономикалық теорияда маңызды орын алады.

жалпы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған салық салу мен субсидиялау болып табылады.

Болжамдағы агроөнеркәсіп кешенінің қарқынды дамуы «жасыл экономикаға» бейімделген. Ол ДСҰ шеңберінде осы саланы жүзеге асыруға, ауыл шаруашылығы кооперациясы бойынша шараларды қолданып, жаңа стандарттар мен техникалық регламенттерді енгізуге мүмкіндік береді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) АӨК субъектілерін мемлекеттік қолдаудың іс-шаралар кешенін іске асыруды жалғастыруда. Онда қолданыстағы мемлекеттік шаралармен қатар қаржылық сауықтыру, қарыздарды сақтандыру мен кепілдендіру, инвестициялық субсидиялар түрінде жаңа құралдар да көзделген.

2015 жылы Бағдарламаны іске асыруға 227,4 млрд. теңге бөлінген, бұл 2013 жылмен (158 млрд. теңге) салыстырғанда 1,4 есе артық, соның ішінде республикалық бюджеттен – 88,4 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен – 139,0 млрд. теңге.

Сонымен бірге, ағымдағы жылы Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік қолдау көлемі едәуір ұлғайтылған. Осылайша, субсидиялар көлемі 2015 жылы 177,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылға (87,2 млрд. теңге) қарағанда 2 есе артық.

Сонымен қатар, Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) Ұлттық қордан АӨК субъектілерін 20,5 млрд. теңге көлемінде қосымша қаржыландыру, соның ішінде:

▲ қаржылық сауықтыру шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау – 7,0 млрд. теңге;

▲ ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу – 1,5 млрд. теңге;

▲ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялауға - 11,5 млрд. теңге;

▲ ветеринариялық зертханаларды материалды-техникалық жабдықтауға - 0,5 млрд. теңге көзделген.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – нарыққа қажетті бәсекеге қабілетті АӨК өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ету.

Өзірленіп жатқан Мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттері: мал шаруашылығының тиімділігін 58%-ға және өсімдік шаруашылығының тиімділігін 40%-ға арттыру, тауарлы өндіріске 670 мың ұсақ өндірушіні тарту және өнімдерді өткізу мен өңдеудің пәрменді жүйесін құру үшін ауқымды ауыл

Аграрлық сектордағы экономикалық процестерді мемлекеттік реттеу – ауыл шаруашылығының және онымен байланысты салалардың дамуын анықтайтын аграрлық қайта құрулардың міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенін реттеу аграрлық саланы, аграрлық әлеуетті қоғам мүддесіне сай пайдалану кезіндегі оның ерекшелігін ескере отырып, толыққанды ұдайы өндіру қажеттігінен туындайтынын зерттеулерді көрсетті. Транзиттік экономика жағдайында мемлекеттік реттеудің дағдарысқа қарсы, қаржылық, салықтық және бағалық шаралар арқылы жүргізілетін экономикалық әдістері маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта экономиканың аграрлық секторын қолдауды, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің әлсіреуіне жол бермей отырып, Қазақстанның халықаралық экономикалық қатынастарға белсенді қатысуы үшін ДСҰ тәртіптері рұқсат беретін шаралар пайдасына бағыттау жүзеге асырылуда.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қаржыларының жетіспеушілігі жағдайында өндірісті дамытудың маңызды көзі республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік қаржыландыру болып табылады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын мемлекеттік қаржыландыру жүйесі олардың дамуына мемлекеттік республикалық және аймақтық мақсатты бағдарламаларға қатысу арқылы нысаналы ықпал етудің кешенді шаралар жүйесін құрайды. Бұл ауылда мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға және отандық тауар өндірушілерді қолдауға байланысты әртүрлі бағыттар бойынша қаржы ресурстарын ұтымды жинақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, АӨК салалары арасында құрылымы мен арақатынасты жетілдіру мәселелері орын алуда, олардың негізгісі – өндірушіден тұтынушыға дейін ауыл шаруашылығы өнімінің қозғалысы жүйесін оңтайландыру. Заманауи дағдарыс жағдайында осы мәселелер шешімінің бір нұсқасы – өңдеу және қызмет көрсету бойынша ауыл шаруашылық кооперативтерді құру мен дамытуды мемлекеттік қолдау.

Ауыл шаруашылық кооперативтерді мемлекеттік қолдау – еліміздің агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Қазақстанда

шаруашылығы кооперацияларын дамыту, АШТӨ-ні барынша қамти отырып, мемлекеттік қолдаудың тиімділігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету, мақсатқа бағытталған экспорттық саясатты іске асыру және органикалық өнімнің қазақстандық брендин жылжыту, 600 мың га астам суармалы жерді айналымға тарту, АӨК-ні мемлекеттік реттеуді жетілдіру болады.

Сонымен қатар, бағдарламаны мемлекеттік форматқа қайта бекіту шеңберінде субсидиялау жүйесіне бірқатар түзетулер енгізу жоспарланған, бұл қазіргіден де көп мемлекеттік қолдау алушыларды қамтуға, осылайша оның тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Жалпы, өсімдік шаруашылығы саласында ауыл шаруашылығы дақылдарын әртарап тандыру бойынша жұмыс жалғастырылады. Атап айтқанда, бидай алқаптарының бір бөлігі аса сұранысқа ие дақылдармен (майлы дақылдар, арпа, жемдік жүгері, қант қызылшасы, азықтық дақылдар) алмастырылатын болады. Ауыл шаруашылығы өнімінің өнімділігін арттыру мақсатында жоғары сапалы тұқымдарды қолдану және тыңайтқыштарды енгізу үшін мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады.

Мал шаруашылығы саласында шаруаларды мал азығымен қамтамасыз ету қажет. Осыған орай, елдік азықтық теңгерім әзірленіп, енгізілетін болады, азықтық дақылдардың алаңдары ұлғайтылады; құрама жемдерді өндіру және тұтыну ынталандырылады, сондай-ақ жайылымдарды пайдаланудың тиімділігін жоғарылату бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау көрсету арқылы асыл тұқымды жануарлардың үлесін жоғарылату бойынша шаралар қабылданады.

Ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету және суармалы жерлердің алаңдарын ұлғайту бойынша шаралардан басқа, қосымша электрондық форматта жер ресурстарының жай-күйі туралы мәліметтер қалыптастырылады.

Бұдан өзге, АӨК-ні инфрақұрылымдық қамтамасыз ету үшін өнімді өткізу бойынша ауылдық кооперативтер құруды ынталандыру, ауыл тұрғындарына несие беру және оларға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ қаржылық құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар іске асырылатын болады.

Сонымен қатар, АӨК субъектілерінің техникалық жарақтандырылуын арттыру үшін алыс шетелден қымбат техника мен жабдықтарды сатып алу үлесін төмендету бойынша шаралар қабылданады.

Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеуді жетілдіру шеңберінде ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты

қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар іске асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясат «Агробизнес 2020» бағдарламасы шеңберінде іске асырылады [2].

Дүниежүзілік сауда ұйымының «жасыл себет» шаралары арқылы ауыл шаруашылығын дамытуда АӨК инфрақұрылымын құруға және жаңа технологияларды енгізуге, өсімдік шаруашылығындағы «гектарына» субсидиялауды жоюға, мемлекеттік қолдау шараларына көшуге және ғылыми ұйымдар көрсететін қызмет шығындарын субсидиялауды енгізуге басты назар аударылатын болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында негізгі күш өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарақтандыруға, халықаралық сапа стандарттарына көшуге, ЕАЭО бойынша әріптес елдермен бәсекелесу үшін тең жағдай жасау үшін азық-түлік тауарлары ассортиментін кеңейтуге бағытталады.

ДСҰ-ға кіруді ескере отырып, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамытуға ерекше назар аударылады.

2017 жылдың қаңтар-наурыз айлары ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 19,1 млрд. теңгені, немесе 2016 жылға 112,2% құрады, оның ішінде өсімдік шаруашылығы - 100,0%, мал шаруашылығы – 112,4%.

2017 жылғы 1 сәуірге ІҚМ басы 458,3 мың бас (2016 жылдың сол кезеңінің 101,0%), қойлар – 625,4 (102,8 %), ешкілер – 81,8 мың бас (107,1%), жылқылар – 137,5 мың бас (106,6 %), шошқалар – 71,6 мың бас (97,0 %), құстар – 1254,1 мың басты (142,6 %) құрайды.

2016 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 171,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2015 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 5,3%-ға өсті.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыста сиыр және құс басының саны ұлғайды.

Сиыр саны 7,4%-ға, құс саны 35,8%-ға өсті, ал ірі қара мал – 1,3%-ға, қой – 3,1%-ға, ешкі – 4,4%-ға, шошқа – 3,2%-ға және жылқы – 2,2%-ға азайды. Баянауыл ауданында ірі қара мал, қой, жылқы басының ең жоғары саны тіркелді, сәйкесінше облыстық көрсеткіш бойынша 15%, 16,3%, 18,2% құрады.

Облыс бойынша алынған бұзау төлдерінің саны – 162,2 мың бас (2015 жылға 102,9%), торай – 113,9 мың (115,9%), қозы – 267,3 мың (101%), лақ – 40,7 мың (100,3%), құлын – 38,9 мың бас (107,5%). 100 төлдейтін малға есептегенде бұзау түсімі 103,6%-ды, торай - 109,1%-ды, қозы – 98,9%, құлын 106,7%-ды құрады.

2016 жылғы қаңтар-желтоқсанда облыста 2015 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1249-ға қарсы 1263 ірі қара мал басы, 61-ге қарсы 164 шошқа, 120-ға қарсы 3637 қой мен ешкі және 276-ға қарсы 267 жылқы басының өлгені тіркелді.

Мал шаруашылығы өнімінің негізгі өндірушілері облыстағы 54,1% ет, 74% сүт, 40,6% жұмыртқа өндіретін халық шаруашылықтары болып табылады. Облыс бойынша бір сиырдан алынған сүттің орташа сауылымы – 2554 кг, 2015 жылдың сәйкес кезеңіндегі 2530 кг қарсы, бір мекиен – тауықтан алынған орташа жұмыртқа түсімі 207-ге қарсы 206 жұмыртқаны құрады.

Қазіргі уақытта мемлекетте сүт өндірісі тұрақтанып, сүт және сүт өнімдері өнеркәсібі дамып келеді. Оның бір жылдық орташа өсімі 4,95% құрайды. Сүт өнеркәсібі жыл сайын өсіп отырғанымен, отандық сүт өнімдерін өндірушілер нарықтағы сүт және сүт өнімдеріне сұранысты толық қанағаттандыра алмай отыр. Осыған байланысты сүт өнімдері импортының үлесі қарқынды дамуда.

Еліміздегі сүт өнімдері импортының көп бөлігін ірімшік, қойытылған сүт, құрғақ сүт, сары май алады. Сүт өнеркәсібіндегі экспорт көлемінің төмендеуіне әсер ететін негізгі себептер: құрғақ сүтті тұтыну көлемінің өсуі және отандық өнімдердің бағалық бәсекеге қабілетсіздігі болып табылады.

Оның басты себептері, біріншіден, сүт кәсіпорындарының өндірістік сүт қуаты төмен болуы болса, екіншіден, шетелден (әсіресе, Ресей, Беларусь, Қырғызстан сүт өнімдері) келетін, арзан бағалы қантты йогурттар мен басқа да сүт өнімдері жаппай сұранысқа ие.

Алыс жақын шетелден арзан бағамен келетін сүт өнімдері (йогурт, қатты ірімшік, сүзбе және т.б.) ішкі нарықта жоғары сұранысқа ие.

Сүт және сүт өнімдерін ұлттық мөлшер бойынша 1 адам жылына 260 келі, медициналық мөлшер бойынша 405 келі тұтынуы керек болса, ал нақты тұтыну жылына 3 200 келіні құрайды. Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, Қазақстан жылына 5 млн. 400 мың тонна сүт өндіреді. Осы өндірілген сүт көлемі Қазақстан халқының және басқа да ұлттық шаруашылық салаларының нақты тұтынуларын қамтамасыз етуі керек. Бірақ, қалай дегенде, жыл сайын импорт өнімдері көбейе түсуде. Мәселен, 2011 жылы құрғақ сүттің импорты 24 664 тонна, яғни, 90 пайызды құрады, қоюлатылған сүт – 75, сыр және ірімшік – 59, сары май – 34 пайыз. Көрсетілген бұл мәліметтер Қазақстанның әлі де өз-өзін тұтастай сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету мәселелерін шешпегендігін көрсетсе керек.

Сүт Одағының мәліметтері бойынша, қазіргі таңда отандық сүт және сүт өнімдері халықты сапалы өнімдермен толық қам-

тамасыз ете алмайды. Өндірілген шикізаттың тек 1\3 бөлігі өнеркәсіптік қайта өңдеуден өткізіледі. Отандық кәсіпорындар оралған сүт өнімдерімен тұтынушылардың қажеттіліктерінің тек 27% қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерін өндірумен өнеркәсіптік негіздегі ауыл шаруашылық кәсіпорындары, шаруа қожалықтары және үй шаруашылықтары айналысады, 2017 жылы Республиканың сүт өнімдерін өңдеу бойынша шикізат пен өндірістік күштерді орналастыру бойынша облыстарды топтастыру облыстардың 3 тобын айқындауға мүмкіндік берді:

- өндірістік күштер жеткіліксіз қамтамасыз етілген және шикізат артықшылығы коэффициенті 1,5 (Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда облыстары);

- коэффициенті 1 ден 1,5 шикізат және өндірістік күштермен қамтамасыз етілудің оптималды сәйкестігі (Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстары).

Сүт және сүт өнімдері 90% үй шаруашылығында өндіріледі, сол себепті ең алдымен өнеркәсіп кәсіпорындары шаруадан алатын шикізаттың сапасын жоғарылату үшін бағасына, тасымалдау құнына, тапсырыс уақытына келісімді алдын-ала жасасуы қажет. Негізінен үй шаруашылығында өндірілетін қазақстандық сүт сапа стандарттарына жауап бермейді. Осындай құрылған жеке үй шаруашылықтарын басқару қиын, ал ондағы мал басы жалпы сиыр санының 90 пайызын құрайды. Ал бұл көрсеткіш Ресейде – 42, Беларусьте – 5 пайыз. Екіншіден, Қазақстандағы асыл тұқымды малдардың ара салмағы 5,2 пайыз болса, басқа елдерде 47 пайыз. Үшіншіден, бізде бір сиырдан 2 200 литр сүт сауылса, қойылған міндет – 3 500 литр. Төртіншіден, көптеген резервтер бие, түйе, ешкі, қойларды саууды ұйымдастыру үшін қарастырылған.

Сонымен қатар, мал азығын өндіруші мекемелердің жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызып, мақсатты бағдарламалар қабылдап, мәселен, олардың ауыл шаруашылығы техникаларын жеңілдіктермен, ұзақ мерзімге сатып алуға т.б. қолдау көрсету; мал шаруашылығы тұлғаларын лизинг негізінде жемшөптік дақылдарды өсіріп, көбейтуге арналған арнайы құрал-жабдық алуына жағдай туғызу керек. Бұл өз кезегінде өндірілген сүттің сапасын арттырады, сапалы сүттен сапалы сүт өнімін алуды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанда сүт өнімдері шикізатының 90% жеке қолда қалып отыр. Ауыл шаруашылығының құрылымында 2 млн.-ға жуық жеке қосалқы шаруашылық бар. Сондықтан олармен көп жұмыс істеу керек, себебі жеке қосалқы шаруашылық пен

өңдеуші салалар кооператив құруда бірдей көзқарас танытқаны жөн. Екінші жолы – ерікті негізде біріккен кооперативтер құру. Сүт өндіруші және өңдеуші кооперативтерді қалыптасқан жүйе бойынша қолдауды енгізу керек. Осыған қоса, кооперативтердің бұрынғы жеңілдетілген несие жүйесіне көшуі, ал май, ірімшік, құрғақ сүт өндіретін өңдеуші кәсіпорындар кооперативтерінің жұмысын мемлекет көмегі арқылы жандандыру қажет.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша сүт өнімдерінің ішкі нарығы Қазақстанда 2020 жылы сүт эквивалентінде шамамен 1,6 млн. тоннаны, соның ішінде жергілікті өнім сүт эквивалентінде шамамен 1,5 млн. тоннаны құрай алады.

Сүт өнеркәсібі халық шаруашылығының маңызды саласы, сондықтан сүт және сүт өнімдерін өндіру тиімділігі халықтың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер етеді.

Әлемдегі сүт өнеркәсіптерінің даму жағдайын ескере отырып, сүт және сүт өндірісінде инновациялық технологияны өндіру арқылы алға шығуға болатындығын атап өтуге болады. Себебі бұл салада оның потенциалды дамуына мүмкіндік беретінін көрсетеді және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша келесі елдердің тәжірибесін қолдануға болады: Канада, Франция, Ұлыбритания және т.б.

Осылайша, сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының дамуын тежейтін негізгі факторлар келесі: шикізатты сатып алу үшін меншік айнаымалы қаражаттың жеткіліксіздігі; кәсіпорынның материалдық-техникалық базасының төмен деңгейі; инфрақұрылымның дамымауы; шикізат өндірісі орындарында орналасқан, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, сүт шикізатын кешенді өңдеу бойынша шағын заводтардың аз саны; жағымсыз кәсіпкерлік ахуал, отандық тауар-өндірушілерді қорғау бойынша тиімсіз іс-шаралар; ауылшаруашылығы тауарөндірушілер мен өңдеушілер арасындағы байланыстардың болмауы; заманауи нарықтық жағдайда жұмыс жасауға қабілетті білікті мамандардың тапшылығы.

Ауыл шаруашылық шикізатын өндіру және өңдеу саласында аграрлық өндірісті тұрақтандыруды экономикалық дамудың негізі ретінде үлкен көңіл бөлу қажет. Сонда ғана Отандық агробизнес ұлттық экономиканың, әсіресе Қазақстан халқының 44% әлауқатының артуына жағдай жасай алады,

жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін отандық ауыл шаруашылық шикізатымен жабдықтау көлемі мен сапасын ұлғайтып, экономиканың шикізаттық бағытын жоюға мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [3]. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық даму қарқыны мен әлеуметтік дамуды жедел қалпына келтіру үшін дағдарысқа қарсы шараларды енгізу жолдары:

- дағдарысқа қарсы басқару аппаратының қалыптасуы мен кәсіпқойлыққа негізделу есебімен кадрлық саясатты өзгерту;

- «Жасыл экономика» есебімен отандық тауарөндірушіні қорғаудың экспорттық-импорттық саясатына қайта бейімделу немесе сапаға назар аудару;

- нақты өндіріске мақсатты бейімделген зерттеу және конструкторлық жобаларға инвестицияларды ынталандыру;

- болашақта аймақтарды сапалы және қымбат емес өніммен қамтамасыз ету үшін, Қазақстанның бүкіл аумағындағы аймақтар индустриализациясы.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1 Котилко В.В. Региональная экономическая политика // Учебное пособие. - М.: Изд-во РДЛ, 2001. – С.158-159.

2 Тлеужанова М.А., Рыспекова М.О., Учкампирова А.Б. Проблемы и перспективы развития экспортного потенциала АПК Казахстана // Проблемы агрорынка. - 2016. - № 4. – С.38-39.

3 Тлеужанова М.А., Касенова А.Ж., Учкампирова А.Б. Аграрный сектор Казахстана и его экспортные возможности // Проблемы агрорынка. - 2016. - № 3. – С.27-28.

Pajdalanylran әdebietter tizimi

1 Kotilko V.V. Regional'naja jekonomicheskaja politika //Uchebnoe posobie. - M. :Izd-vo RDL, 2001. – S.158-159.

2 Tleuzhanova M.A., Ryspekova M.O., Uchkampirova A.B. Problemy i perspektivy razvitiya jeksportnogo potenciala APK Kazahstana // Problemy agrorynka.- 2016.- № 4. – S.38-39.

3 Tleuzhanova M.A., Kasenova A.Zh., Uchkampirova A.B. Agrarnyj sektor Kazahstana i ego jeksportnye vozmozhnosti // Problemy agrorynka. - 2016. -№ 3. – S.27-28.

